Өнерлілер «сарайы»

Балалардың жан-жақты жетілуі үшін қоғамдық мәдени орындардың септігі мол. Бірақ балаларын жан-жақтылыққа тәрбиелеймін деп әр үйірмеге сүйрелеп жүрген ата-аналардың да бар екенін жасыра алмаспыз. Кейде бұл қаншалықты дұрыс деген ойда қаласың. Бір уақыт баланың өзімен-өзі қалатын, тынығатын уақыты қалмайтындай көрінеді. Осы ретте біз облыс оралығында осыдан бірер жыл бұрын ашылған Оқушылар мен жастар сарайында болып, үйірме жұмыстарымен, балалардың қызығушылығымен таныстық.

Ел Төуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай оралдық өрендерге тарту болған сарайда бүгінде үш бағыт бойынша 71 үйірме жұмыс жасайды. Сарайдың тіршілігімен мекеме директоры Сандуғаш Алманбетова өзі таныстырып, бастап жүрді. Қай бөлмеге кірсек те, сурет салып, ою ойып, сазбалшықты илеп, аспаптың құлағында ойнап, би қимылдарын үйреніп жатқан балғындарды көрдік. Тағы бір қатары қаржылық сауаттылық, тілдік сабақтардан дәріс алуда. Сандуғаш Жексембайқызының айтуынша, мұнда 2700 бала түрлі өнердің қыр-сырын меңгеріп келеді.

– 2016 жылдың желтоқсанында ашылғанымен, ұжымның қалыптасуы өткен жылдың наурыз айынан басталды. Жаз айларында оқушылардың сұранысына байланысты жаңа үйірмелер ашып, қырқүйектен қауырт жұмыс көбейді. Үйірмелер пәндік-техникалық, өнер-шығармашылық, спорт бөлімдерін қамтиды. 42 үйретуші педагогымыз бар. Қосымша білім беру ұйымы болғандықтан, шығармашыл адамдармен жұмыс жасаймыз. Сондықтан олардың барлығы бірдей тұрақты қызметкерлеріміз емес. Мәселен, актерлық шеберлік үйірмесін қарапайым мұғалім үйреткенмен гөрі, арнайы маманның жүргізгені дұрыс. Сол себепті қаламыздағы арнаулы өнер орталықтарынан, жоғары оқу орындарынан мамандар шақырттық. Бұл нәтижеге бағытталған жұмысымыз үшін алғашқы қадам, – дейді Сандуғаш Жексембайқызы.

Оқушылар сарайының техникалық-материалдық базасы нығайтылған. Әр үйірме бөлмелері қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ мұнда кітапхана да жұмыс жасайды.

ЖЕТІСТІГІ МОЛ ҮЙІРМЕЛЕР

Сандуғаш Жексембайқызы жас маман Алина Тілемберлиеваның нәтижелі жұмыстанып келе жатқанын тілге тиек етті. Қолөнер үйірмесіне жетекшілік ететін Алинаның шәкірттері аз уақыт ішінде облыстық, республикалық жарыстарда жүлдегер атанып үлгерген. «Әдемі дуние шығуы үшін баланың қызығушылығы аса маңызды» дейді Алина. Шағын үйірме бөлмесінде көз тартарлық балалардың қолөнер бұйымдары көп-ақ. «Қастеев ұрпақтары» үйірмесі мүшелерінің де ауыз толтырып айтарлықтай жүлделері бар. Суретші Қуанбай Кенжеғалиевтың қос шәкірті Аружан мен Ботагөз жырда ғана Шымкент қаласында ұйымдастырылған «Дала дарындары» байқауында бас жүлделі және бірінші орынды иеленіп қайтқан.

Үйірмелермен танысу кезінде үш жерде өтіп жатқан би дайындығын көрдік. Әрі бұл үйірмелердің концертмейстердің музыкалық сүйемелдеуімен өтіп жатқаны назарымызды ерекше аударттты.

– Би үйірмесін жүргізетін мамандарды қабылдаған кезде олар әр сабақта концертмейстердің бірге болуын талап етті. Дайындық үшін алдын ала жазылған, даңғырлаған өуендер жарамайды екен. Тірі күйінде орындалған әуен бишінің музыканы тындап, әр жаттығуын сезіммен орындауы үшін маңызды болатынын түсіндірді. Сол себепті би үйірмелері талап бойынша фортепиано, баянда таза орындалатын әуендермен өтеді. Балаларымыз үшін бар мүмкіндікті жасаудамыз, – деді мекеме басшысы.

Биылғы жылы бұл сарайда екі бірдей оқушылар ансамблі құрылған. Фольклор үйірмесіне жинақталған шәкірттер қазақ ұлттық аспаптарын ойнауды меңгеріп, әндер мен күйлерді үйренуде. Ол үшін домбыра мен қобыздан бастап, шаңқобыз, дауылпаз, жетіген, сазсырнай аспаптарының барлығы алынған.

– Бір ансамбльде 25 оқушы бар. Аспапты қалай ұстау қажеттігін ең төменгі баспалдақтан бастап үйреттік. Жарты жыл ішінде балалар әжептәуір жаттығып қалды. Өкінішке орай, облысымыздың аумағында жетіген, бас домбырадан үйрететін ұстаздар жоқ. Бірақ, маман жоқ деп бар аспапты қолданбау өнерге қиянат болар еді. Алматылық әріптестерімізбен байланыс жасау арқылы бейнесабақтар алып, оны шәкірттерге үйретіп келеміз, – деді үйірме жетекшісі Мерей Ерболұлы.

ДАНИЯРДЫҢ ІЗБАСАРЛАРЫ КӨБЕЙДІ

Оқушылар сарайына баратын 2700 оқушының тең жартысы спорт секцияларының қатысушылары. Спорт секторының меңгерушісі Саттар Сұлтанғалиевтың сөзінше, спорт саласы бойынша он түрлі үйірме жұмыс жасайды. Сарайдың ішінен ашылған Рио олимпиадасының чемпионы Д.Елеусінов атындағы бокс орталығында күнделікті жаттығу қызып тұр. Бір мыңға тарта жасөспірім осы бокс үйірмесіне жазылыпты. Жеткіншектерді тәрбиелеу, спортқа деген алғашқы қадамын бастыру үшін бес жаттықтырушы жұмыстануда. Шәкірттердің бір қатары дене қыздырып, енді бірі шабуыл, қорғаныс тактикасына машықтануда. Даниярдай боксшы боламын деп жүргендер де жетерлік. Солардың бірі – он екі жасар Ілияс Ахметжанұлы.

– Қатарластарымның көпшілігі бокс үйірмесіне қатысып жүрді. Алғашында тек қызығушылықпен келдім. Қазір шынайы құлшынысым оянды, алдымда үлкен мақсатым бар. Көк туымызды биікке көтерер боксшы болсам деймін, – дейді жас дарын.

Саттар Аманқосұлы тәрбиеленушілерінен көп үміт күтетінін айтты. Бокстан бөлек спорткұмар балалар жеңіл атлетикалық манеж, бассейнде жаттығып, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойындары арқылы ой-саналарын жетілдіруде.

«ТАЛҒАМПАЗ БОЙЖЕТКЕНДЕР»

Оқушылар сарайында жұмыс жасайтын «Талғампаз бойжеткен» музыкалық-эстетикалық студиясы туралы айрықша айтуға болады. Бұл қосымша білім беру саласындағы тәжірибелі педагог Сандуғаш Сейітованың авторлық жобасы. Бірнеше үйірмені қамтитын студияға 5-16 жас аралығындағы 80 қыз бала мүше. Жоба жетекшісі түсіндіргендей, студия жас буынға біліммен қатар эстетикалық тәлім-тәрбие беру мақсатында құрылған. Қатысушылар негізінен ұлттық би өнеріне машықтанады. Сондай-ақ киімді модельдеу, ілмекпен тоқу, қолөнер, сурет және сахнада сөйлеу, орындауды меңгереді.

– Балаларды еркінен тыс үйірмелерге сүйремеймін. 80 қыз өздерінің таңдауы бойынша хореография үйірмесіне келді. Би сабақтарынан кейін олар өздерінің таңдауы бойынша вокал, қолөнер, актерлық шеберлік үйірмелеріне қатысуда, – деді студия жетекшісі Сандуғаш Қаршығақызы.

Студия аптасына бір мәрте – сенбі күні жұмыс жасайды. Үйірмелер арасында қыз балалардың кітапханада танымдық қабілеттерін жетілдіруіне мүмкіндік бар.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қолға алынып жатқан бұл жоба қыз баланың бойына ұлттық құндылықтарды дарытуды көздейді. Қыз балаға жауапкершілікті эстетикалық тәрбие арқылы сезіндіріп, әдепті, ибалы, жан-жақты бойжеткен қалыптастыруға мән берілмек. Ол үшін өңірдегі көргені көп, айтары мол ақын-жазушылармен, өнер шеберлерімен кездесулер ұйымдастыру жоспарда. Алғашқы шара таяу уақытта Ақ Жайықтың ақ шағаласы атанған ақын Ақұштап Бақтыгереевамен өткізілмек. Ал студияның бір жылдық есеп беру концертінде талғампаз бойжеткендер Орал жұртшылығына ерекше мүзикл ұсынбақ.

ТҮЙІН: Байқағанымыздай, мұнда мектептен бос уақыттарын тиімді өткізетін оқушылар қатары көп. Олардың дарынды болып ер жетіп, қабілеттерін арттыра түсу мақсатында үйірме жетекшілері өнерлерін ортаға салуда. Біліктіліктерін жетілдіру мақсатында қалалық, облыстық деңгейдегі семинарларға қатысып, онлайн сабақтар алып отырады. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, психологиялық зерттеу жүргізу мақсатында сенім кабинеті жұмыс жасайды. Алдағы уақытта оқушылар сарайы ғылыми-техникалық бағыттағы үйірмелер жұмысын күшейте түспек. Сөйтіп, оқушылар сарайында өткен бір мезгілде бүгінгі жастардың есіл уақыты интернет пен компьютер алдында өтеді деген ойдың жаңсақ пікір екеніне көзім жетті.

Эльмира НҰҒМАНОВА

Әлия КЕНЖЕТАЕВА, би үйірмесінің жетекшісі:

– Мен үш топпен жұмыс жасаймын. Олар классикалық биге үйренеді. Жаңадан қабылданып жатқан шәкірттен әп дегеннен нәтиже күту жөн емес. Біз алдымен дене бітімін ұстау, табаны жаттықтырумен жұмыстанамыз. Биге әркімнің қызығушылығы әр түрлі. Дегенмен, 7 жастан бастап жаттыққан дұрыс. Бұл баланың саналы түрде өз еркімен таңдау жасай алатын кезі. Әрі осы уақытта олардың сүйектері де жұмсақ, иілгіш келеді.

Гүлмира АПАШЕВА, ата-ана:

– Балам Рысқали Әлмансұр балабақша жасынан ермексазбен жұмыстанғанды ұнатады. Мектепке барған уақыттан үйіміздің маңындағы аула клубына жолықтым. Баламның қабілеті шындалса деген ниет қой. Сол клубқа барып жүрді. Оқушылар сарайында баламның икемінде сай мүсіндеу үйірмесі жұмыс жасайтынын естіп, осы сарайға ауыстырдым. Сазбалшықпен жұмыстануды жаңадан үйреніп жүр. Бұған қосымша гимнастика үйірмесіне қатысады. Әлбетте баламыздың күн тәртібін реттеп, салмақ түсірмеуге шұғыл қамданды. Ықыласы ауып, қызығып тұрса, үйірмеге апарудың әбестігі жоқ деп саналмын.

Алмаз ҒАРИФУЛЛИН, А.Байтұрсынов атындағы №10 орта мектеп оқушысы:

– Мен Оқушылар және жастар сарайындағы Д.Елеусінов атындағы бокс орталығына күн сайын жаттығуға барамын. Мектепке даярлық тобына барып жүргенімде жаттықтырушым Саттар Аманқосұлы «боксқа қабілетің бар» деп өзі шақырған болатын. Биыл алты жыл болды. Бұрын №43 орта мектептің спорт залында жаттығатынбыз. Өткен жылдан бері осында келіп жүрмін. Мұнда өркін жаттығуымыз үшін бар жағдай жасалған. Сабақтан шығысымен спорт залына асығамын. Бір қиындығы, Зашағаннан келгенше ұзақ уақыт жоғалтамын, орталық алыстау болып тұр. Бұл спорт түрінен жетістіктерім де бар. Екі мәрте облыстық, екі рет қалалық деңгейдегі бокстан өткен түрлі жарыстардан бірінші орын алдым. Болашақта Д.Елеусінов, Г.Головкин секілді әлемге танымал боксшы болғым келеді. Қосымша өнер мектебінде баян класында оқимын.

Нарынның қара нары

Әбділхамит ағамыз көзі тірісінде өзінен кейінгі іні-қарындастарын түгелдей дерлік Алматыға қоныстандырғандықтан, туған жерден қол үзіп қалғанын мұңқа айтып отыратын. Сол олқылықтың бүгінгі таңда орны толып жатқаны қуантады. Бүгінде ғалым есімін мәңгілік жадымызда сақтау мақсатында Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық кітапханасы мен Жаңақала ауданы Жаңақала ауылының батыс жағындағы №16 көше Әбділхамит Нарымбетов есімімен аталады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы: «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», – деген ойлар еріксіз ойға оралады.

Қазіргі таңда атқарылып жатқан осы шаралар елге қызмет жасаған ерлердің есімі ешқашан ұмытылмайтынын айғақтаса керек. Ұстазымыз Әбділхамит Нарымбетов туралы сөз қозғағанда бірнеше мәселеге арнайы тоқталуға тура келеді.

Біріншісі – Батыс Қазақстан облысында дүниеге келіп, Орал қаласындағы А.Пушкин атындағы педагогика институтында білім алды дегені болмаса, саналы ғұмыры Алматы қаласында, Алатаудың баурайында өткенді. Оның Алматыға ат басын тіреуі – сонау Ұлы отан соғысынан кейінгі ауыр кезеңдер болатын. 1948 жылы беллігі ғалым Қажым Жұмалиевтің шақыруымен Қазақстан Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының аспирантурасына түскеннен кейінгі ғұмыры М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен тікелей байланысты. 1956 жылдары елді елең еткізіп, қырағы партияның қатал сынына ұшыраған «Ана тілін ардақтайық» мақаласынан бастап, 2008 жылы жарық көрген «Ғасыр сыры» еңбегіне дейінгі аралықтағы бар зерттеуі ұлттық әдебиеттану ғылымының түрлі мәселелеріне арналды.

Екіншісі – «Қазақ әдебиетінің тарихын» зерттеуге қосқан үлесі. Өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап, 2008 жылдарға дейінгі аралықта М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан шыққан көптеген академиялық басылымдарда есімі қалды. «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» (1958), үш том, алты кітаптан тұратын «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1960-1967), орыс тілінде шыққан үш томдық «Қазақ әдебиеті тарихы» (1968-1979), Мәскеуден жарық көрген алты томдық «Көп ұлтты совет әдебиетінің тарихы» (1970-1974), тәуелсіздік тұсында жарық көрген «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті» (1997), «40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті» (1998), он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (2004-2009) атты ұжымдық еңбектердің авторы ретінде ұлттық әдебиеттің тарихын зерттеуге атсалысты. Осы аталған еңбектердің бәрінің дерлік әдеби өмір шежіресі мен библиографиялық көрсеткіштерін жасағанын да ұмытпағанымыз жөн.

Үшіншісі – қазақ поэзиясын зерттеуге қосқан қыруар еңбегі. Қазақ поэзиясының ішінде поэма жанрының туып-қалыптасу, өсіп-өркендеуін ғалымның зерттеулерінсіз сөз ету мүмкін емес. «20-30 жылдардағы қазақ кеңес поэмасы» атты тақырыпта кандидаттық, «Қазақ кеңес поэмасының даму жолдары» деген тақырыпта докторлық қорғаған ғалым «Қазақ совет әдебиеті», «Дәуір және поэзия», «Қазақ совет поэмасы елу жылда», «Қазақ совет поэмасы», «Қазіргі қазақ поэмасы» атты монографияларында кеңес дәуіріндегі және тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэмалары жөнінде бірнеше ғылыми тұжырымдар мен ой-қорытындылар ұсынды.

«1917-1991 жылдар арасындағы оқиғаларды суреттеген елеулі қазақ поэмалары әдебиет тарихынан өзіне лайықты, сыбағалы орын алуға тиіс. Кеңес екіметі өмір сүрген XX ғасырдың арғы-бергі оқиғалары: қазан төңкерісі, азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы (1941-1945), яки жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысындағы кеңес халқы, соның ішінде қазақ халқы басынан кешкен қиындығы көп өмірдің хикаялары 70-80 жылдарғы қазақ поэмаларының суреттеу нысанасына азды-көпті ілігіп отырғаны рас. Міне осындай, келелі оқиғаларға арналған поэмалардың басты кейіпкерлері негізінен ақындардың өз замандастары, дәлірек айтсақ, XX ғасырдың перзенттері болып келеді», – дейді ғалым XX ғасырдағы қазақ поэмасы туралы ойларын жинақтай келіп. Өзі айтқандай, кеңестік дәуір әдебиетінің қай кезеңін алсаңыз да сол тұстағы ақындардың кең құлашты эпикалық поэмалары ғалым назарынан тыс қалған жоқ. Ол қазақ поэмаларын мазмұны мен түріне, стиліне қарап топтап жүйеледі, хронологиясын жасады.

Төртіншісі – қазақ әдебиетіне мол үлес қосқан эпик ақын Қалижан Бекхожиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеуі. «Қалижан Бекхожин», «Қалижан Бекхожин творчествосы» деген еңбектерде ақын шығармалары жіті талдау нысанына алынды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, кеңестік дәуір тұсында тыйым салынған шығармаларын қайта қарау мақсатында ізденушісі Жібек Досбайға «Қалижан Бекхожин поэмаларының поэтикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғатты. Мұның өзі ғалымның зерттеу нысанына деген адалдығын танытса керек.

Бесіншісі – Сәкен Сейфуллин мен Ғабит Мүсірепов басылымдарына сіңірген қыруар еңбегі. Ғ.Мүсірепов тіл кептомдық шығармалары мен өзі өмірден өткен соң шыққан бірнеше кітаптарының құрастырушысы да, алғы сөзі мен түсініктерін жазушы да Әбділхамит Нарымбетов екеніне қарап отырып, оның қай жұмысты атқарса да адал, тындырымды еңбек еткенін байқауға болады.

Алтыншысы – әдеби өмір шежіресі. Әдеби өмір шежіресінің библиографиялық көрсеткіштен айырмасы мұнда әдебиет, мәдениет тарихындағы айтулы даталар ғана тіркеледі. Сондай-ақ, әдебиетке тікелей қатысты қаулы-қарарлар, Жазушылар одағында өткен ірілі-ұсақты жиындар, айтулы оқиғалар, ақын-жазушылардың үлкен байгелерден алған жүлделі орындары, жаңа туындылардың тұсау кесерлері сынды жайттар қамтылады. Шежіреші ғалым бұл салада 1917-2007 жылдар аралығын қамтитын «Әдеби өмір шежіресінің» 7 кітабын шығарыпты. Қолымызға тиген «Әдеби өмір шежіресі» атты жетінші кітабына дейінгі аралықтағы ұлт әдебиетінің өсіп-өркендеуін, қанат жайып көркеюін тізбектейді. Бұл қатарда «Қазақстан Жазушылар одағына – 60 жыл», «Қазақстан Жазушылар одағына – 70 жыл» еңбектерін ерекше атаған жөн.

Жетіншісі – библиография саласындағы еңбегі. Ғалымның осы салаға сіңірген қыруар еңбегін замандасы академик Серік Қирабаев: «Қазақ библиографиясының негізін салды. Бұған дейін жекелеген еңбектерге қосымша берілетін шағын көлемдегі библиографиялық анықтамалар болғанмен, олар толық күйінде, әрі жүйелі жасалған ғылымға айналған жоқ еді. Әбділхамит ұзақ жылдар ізденіп, осының бәрін дәрежеге көтерді», – деп бағалайды.

Библиографияның өзін ішінара екі топқа бөлуге болады. Біріншісі – қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші, екіншісі – жекелеген ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығына арналған биобиблиографиялық көрсеткіштер. Бірінші топтағы еңбегі – 1917-1966 жылдар аралығын қамтитын «Қазақ кеңес әдебиеті» атты библиографиялық көрсеткіштің 5 томы. Екінші топта кейінгі жылдары жақсы үрдіске айнала бастаған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің биобиблиографиялық көрсеткішін атауға болады. Бұл салада библиограф ғалым «Сәкен Сейфуллин», «Ғабит Мүсірепов», «Зейнолла Қабдолұлы Қабдолов», «Шериаздан Рүстемұлы Елеукенов», «Серік Смайылұлы Қирабаев», «Мүсілім Базарбайұлы Базарбаев» сияқты көрсеткіштерді құрастыруда жақсы бастаманы көтерді.

Сегізіншісі – он екі томдық «Қазақ совет энциклопедиясы», төрт томдық «Қазақ ССР-і. Қосымша энциклопедиясы», «Қазақ әдебиеті», Мәскеуде шыққан «Қысқаша әдеби энциклопедия», «Үлкен кеңес энциклопедиясының» жылнамаларында жарияланған «Қазақстан. Мәдени өмірі, көркем әдебиеті мен әдебиеттануы» атты тарау авторларының бірі ретінде танылғандығы.

Тоғызыншысы – ғылымдағы ұлт кадрларын қалыптастыруға қосқан үлесі. Ғалым М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу жөніндегі арнайы Диссертациялық қорғау кеңесінің мүшесі ретінде ұзақ жылдар бойы жас кадрларды дайындауға үлес қосты. Абай атындағы Қазақ педагогикалық университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қыздар мемлекеттік педагогикалық университеттерінің филология факультетінің мемлекеттік емтихан комиссиясының (ГЭК) төрағасы ретінде қазақтың талай қара көздеріне жолдама берді. Оның ғылыми жетекшілігімен қорғаған 3 ғылым докторы, 10 ғылым кандидаты бүгіндері егеменді еліміздің болашағы үшін республикамыздың түкпір-түкпірінде қызмет етуде. Ол үнемі ізденушілер мен кіші ғылыми қызметкерлердің бар мақаласын қалт жібермей оқып, ол туралы өз пікірін айтып отыратын. Диссертациялық кеңеске қорғауға жіберетін әрбір жұмысты мұқият оқып, ондағы үтір, нүктелерге дейін назар аударатын. Кейде ізденушілердің зерттеу еңбектердің бетін, не болмаса газет-журналдарды іздеуге ерінін шыққан санын өтірік көрсете салатыны болады. Мұндай қулықтарды библиограф ағамыз қалт жібермей тауып алатын. Кез келген мақаланың қай жылы, қай басылымда шыққанын жатқа айтып отырғанын көргенде таң қалатынбыз.

Онынышысы – ғалым болуды емес, азамат болуды мұрат еткендігі. Өзі қызмет атқарған алпыс жылдың ішінде бұл институтты мүйізі қарағайдай қаншама академиктер, ғалымдар басқарды. Ол солардың бәрімен де тіл табысып, бірлесе жұмыс жасады. Өз сөзімен айтқанда, «Жусаннан аласа, бетегеден биік болып» жүріп-ақ қара нардың жүгін көтеруге болатынын өз еңбектерімен көрсетті. Ұлкенге құрмет, кішіге ізет жасай білген ғалым артынан еріп келе жатқан жастарға үлкен үміттен қарайтын.

Ғылыми кеңестерде: – Асфальт-та өскендер білмейді, ауылда өскендер түсінеді «Ғылым дегенің бір шемеле шептің ішінен ине іздеумен бірдей», – деп отыратын ағамыздың сол ізденген инесін тапқанына жоғарыда айтылған еңбектері дәлел бола алады.

Ғұлжаһан ОРДА, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы

Жақұтқа толы жыр кеші

Өткен аптада Қадыр Мырза Әлі орталығында атыраулық ақын, халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Әлия Дәулетбаеваның жыр кеші болған еді.

«Поэзия падишасы» атанған Фариза ақынның ізінен еріп, қанатының астында тәрбиеленген ақын қыздың кешіне өнердегі достары Б.Бабаш пен режиссер А.Бергалиев және бір топ жерлестері қолдап келді. Оралдық әдебиетшілер Айтқали Нәріков, Сағынтай Бисенғалиев мейманға ізгі лебіздерін арнады.

Өлеңді тағдырым деп санайтын Әлия Дәулетбаева жауһар жырларымен қоғамдағы өткір мәселелерді қозғап, қайсарлық пен өжеттіктің үлгісін көрсетіп келеді. Жыр сүйер оқырманмен жүздесуде қаламгер өзінің өмірі және рухани ұстазы Ф.Оңғарсынованың өзіне артқан сенімі туралы әңгімелеп, жауһар жырларын оқыды.

– Ата-анамның әбден есейген шақтарында көрінген перзентімін. Сол себептен менен үміт күтті ме, үш жасымда Қадыр Мырза Әлінің күлгін түсті «Күміс қоңырау» кітабын қолыма ұстатып, өлеңдерін үйретті. Әріп танымасам да, ақынның балаларға арнаған өлеңдерін жатқа айтып жүрдім. Алғаш қалай өлең жазғаным есімде жоқ. Бірақ қабырға газеттерінде, кейіннен облыстық, республикалық басылымдарда өлеңдерім жарық көрді. 10-сыныпта оқып жүргенімде зар заман ақыны Мұрат Мөңкеұлының 150 жылдық мерейтойына өлеңімді оқып, Фариза апамның батасын алдым, – дейді Әлия Бекежанқызы

Жыр иесі бүгінде төрт перзенттің анасы. Өнер мен бала тәрбиесін қоса алып келе жатқан Әлия тұрмыс құрғанған кейін өн бойындағы ақындық дарынын ұштауға, өзін қанаттандыруға Фариза Оңғарсынованың себепкер болғанын айтады. Қазақ халқы Оңғарсынованың есімін өшірмек емес. Дейтұрғанмен, соңынан ерген ізбасары ретінде Әлия осыдан екі жыл бұрын Атырауда «Фариза жұлдыздары» атты жас ақындар клубының ашылуына ықпал етті. Бүгінде сол клубқа жетекшілік етіп келеді. «Сол бір сәуле», «Жандауыс» атты жыр жинақтары жарық көрді. Шығармашылық кеште жас буын қаламгер шығармашылығын жатқа оқып, өнерпаздар өннен шашу шашты. Жақұт жырмен өрілген кеште орталық директоры Баурыжан Халиолла Атыраудың жыр сөлемін жеткізген жыр иесіне алғыс хат табыс етті.

Елмұра АСХАТҚЫЗЫ

КЛАПАН "Жайық үні" 4-5 стр CMYK